

Әкімдіктің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 41 "Әулікөл ауданында бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 140 қаулысы. Қостанай облысы Әулікөл ауданы Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 маусымда № 9-7-161 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 118 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 26.05.2016 № 118 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына сәйкес, Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің "Әулікөл ауданында бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-7-153 нөмірімен тіркелген, 2012 жылдың 23 ақпанда " Әулікөл" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жана редакцияда жазылсын:

"Әулікөл ауданында қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларға, сондай-ақ бостандықтан айыру орнынан шыққан тұлғаларға және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы";

1-тармағы жана редакцияда жазылсын:

"1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының екі проценті мөлшерінде;

2) интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының екі проценті мөлшерінде.";

2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. "Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш жасаған қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Ж. Қалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауданың әкімі	Ж. Нурғалиев
КЕЛІСІЛДІ:	
"Әуликөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы	
_____ Р. Нұғманова	